

Казталов ауданы бойынша мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 11 мамырдағы № 165 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 6 маусымда № 5230 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 28 сәуірдегі № 96 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы әкімдігінің 28.04.2020 № 96 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізілсін).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы, "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" 2005 жылғы 13 сәуірдегі, "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңдарына және "Мүгедектер үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 13 маусымдағы №498 (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 28 шілдеде № 14010 болып тіркелді) бұйрығына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Казталов ауданы бойынша тізімдік саны бар ауыр жұмыстарды, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептемегенде, мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота жұмыскерлердің екіден төрт пайызға дейінгі мөлшерінде белгіленсін.

2. Казталов ауданы әкімі аппараты басшысының міндетін уақытша атқарушы (Ж.Дуйсенғалиев) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары З.Мажитоваға жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізілсін.

Аудан әкімі

А.Шыныбеков

Казталов ауданы әкімдігінің
2018 жылғы 11 мамырдағы

Казталов ауданы бойынша мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота

№	Ұйымның атауы	Жұмыс орындарының саны	Квота саны	Квота белгіленген жұмыс орындарының саны
1	"Казталов ауданының білім беру бөлімінің Тереңкөл орта жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	58	2	1
2	"Казталов ауданының білім беру бөлімінің Талдыапан орта жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	64	2	1
3	"Казталов ауданының білім беру бөлімінің Қайыңды орта жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	64	2	1
4	"Казталов ауданының білім беру бөлімінің Г.Бегалиев атындағы орта жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	65	2	1
5	"Батыс Қазақстан облысы жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының Казталов арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	65	2	1
6	Батыс Қазақстан облысының әкімдігі білім басқармасының "Жалпақтал аграрлық және салалық технологиялар колледжі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	67	2	1
7	"Батыс Қазақстан облысы Казталов аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі	70	2	1
8	"Казталов ауданының білім беру бөлімінің Жаңажол орта жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	72	2	1
9	"Казталов ауданының білім беру бөлімінің С.Есетов атындағы орта жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	72	2	1
10	"Казталов ауданының білім беру бөлімінің Богатырев орта жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	73	2	1
11	"Казталов ауданының білім беру бөлімінің Ғ.Қараш атындағы Қараоба орта мектеп-гимназиясы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	78	2	2
12	"Казталов ауданы әкімдігі Казталов ауданының білім беру бөлімінің "Нұрбалапан" бөбекжайы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	86	2	2
13	"Казталов ауданының білім беру бөлімінің Қараөзен мектеп-лицей" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	87	2	2
14	"Казталов ауданының білім беру бөлімінің Көктерек орта жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	88	2	2
15	"Казталов ауданының білім беру бөлімінің Ғ.Молдашев атындағы орта жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	90	2	2

16	"Казталов ауданының білім беру бөлімінің Бірік орта жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	91	2	2
17	"Казталов ауданының білім беру бөлімінің Ақпәтер орта жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	94	2	2
18	"Казталов ауданының білім беру бөлімінің К.Мендалиев атындағы орта жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	97	2	2
19	"Казталов ауданының білім беру бөлімінің Бостандық орта жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	100	2	2
20	"Казталов ауданының білім беру бөлімінің Казталовка орта жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	102	3	3
21	Казталов ауданы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Казталов аудандық ветеринариялық станциясы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	112	3	4
22	"Казталов ауданының білім беру бөлімінің А.Оразбаева атындағы орта жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	122	3	4
23	Казталов ауданы әкімдігі мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "С.Садықов атындағы Казталов аудандық мәдени демалыс орталығы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	241	4	7
24	Батыс Қазақстан облысының әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының "Казталов аудандық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын	279	4	11
25	Батыс Қазақстан облысының әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының "Казталов аудандық орталық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	290	4	12
	Барлығы	2 627	-	68